

ӘОЖ 82:81-26; 82:81'38; МҒТАР 17.07.51; 16.01.21

<https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.10>Г.А. АЙТКУЛОВА¹, Д.А. ИСЛАМ²✉¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: Aitkul_gum1985@mail.ru²филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: dosbol.islam@ayu.edu.kz

ҰЛТТЫҚ ПАРЕМИОЛОГИЯДАҒЫ «ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ\ЖАЛҚАУЛЫҚ» КОНЦЕПТІНІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада «еңбекқорлық\жалқаулық» концептісі негізінде дүниенің паремиологиялық бейнесі қарастырылады. Концепт белгілі бір ұлттың дүниелік танымын анықтай отырып, тұтас сол дәуірдің мәдениетінен хабар береді. Концептіні анықтау үшін дүниенің кейбір ерекшеліктері мен заттық құндылықтары, олардың объектілермен қатынасы, олардың қызметі мен оларға берілген ұлттық сананың сипаты әрі бағасы айқындалуы қажет. Зерттеу мақаласының негізгі мақсаты қазақ мақал-мәтелдеріндегі «еңбекқорлық\жалқаулық» концептілерінің ұлттық-мәдени және танымдық сипатын ашу болып табылады.

Қазақ халқының ұлттық дәстүрі мен салт-санасын, ой-өрісін сөз еткенде, халықтық психологияны, оның ішінде адамның жан дүниесінің тілдегі көрінісі – әсіресе қазақ халқына тән, өмірдегі әртүрлі жайттардан алынған ілімін бір-екі ауыз сөзбен ғана түйіндейтін мақал-мәтелдердің маңызы зор. Зерттеу мақаласының негізгі мақсаты мен идеясына қазақ паремиологиялық жүйесіндегі «еңбекқорлық\жалқаулық» ұғымдарын әлем бейнесі контекстіндегі концептілік мазмұнын сипаттауды жатқызуға болады. Ұлттық менталитеттің негізгі кодына айналған қазақ мақал-мәтелдеріндегі «еңбекқорлық\жалқаулық» ұғымына қатысты тілдік бірліктерінің семантикалық көлемін айқындау жолында сипаттама, этнолингвистикалық, концептілік талдау және ассоциативтік эксперимент әдістері пайдаланылды. Зерттеу мақаласының құндылығы сол қазақ қоғамында жалқаулықтан арылтатын, еңбекқорлықты дәріптейтін тілдік бірліктердің мәнін аша отырып, қазақ мақал-мәтелдері арқылы халықтың еңбекті бағалауға, адал жұмыс атқаруға, еңбекқорлық идеясын орнықтыруға шақыру жұмыстың маңыздылығын аша түспек.

Кілт сөздер: концепт, когнитивтік лингвистика, еңбекқорлық, жалқаулық, мақал-мәтелдер, паремиялық бірліктер.

*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Айткулова Г.А., Ислам Д.А. Ұлттық паремиологиядағы «еңбекқорлық\жалқаулық» концептінің тілдік ерекшеліктері // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №2 (128). – Б. 125–136. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.10>

*Cite us correctly:

Aitkulova G.A., Islam D.A. Ultyyq paremiologiiadagy «enbekqorlyq\jalqaulyq» konceptinin tildik erekshelikteri [Linguocognitive Analysis of the Concept of «Diligence/Laziness» in Kazakh Paremiology] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №2(128). – B. 125–136. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.10>

G.A. Aitkulova¹, D.A. Islam²

¹*PhD Doctoral Student of M. Auezov South Kazakhstan University
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: aitkul_gum1985@mail.ru*

²*Candidate of Philological Sciences, Associate Professor
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: dosbol.islam@ayu.edu.kz*

Linguocognitive Analysis of the Concept of «Diligence/Laziness» in Kazakh Paremiology

Abstract. The article examines the paremiological picture of the world based on the concepts of «diligence\\laziness». The concept defines the worldview of a certain people, notifies about the culture of an entire epoch. To define the concept, it is necessary to determine the features of the worldview and their relationship with objects, their activities and descriptions of national consciousness. The purpose of the article under study is to analyze the concepts of «diligence \\ laziness» in the manner of Kazakh proverbs and sayings and to define in them the national-cultural form and the cognitive part.

Speaking about national traditions and customs, the thinking of the Kazakh people, proverbs and sayings are of great importance, which summarize folk psychology with only one or two oral words, including the linguistic expression of the human soul – especially inherent in the Kazakh people, the teaching about different life moments. The purpose and idea of the article under study is to study the picture of the world in the concepts of «diligence \\ laziness» on the example of Kazakh proverbs and sayings. Proverbs and sayings of the Kazakh people are included in the national code of culture, and the study of proverbs and sayings of the Kazakh people of the concept of «diligence \\ laziness», as well as the definition of the characteristics of the semantic volume, ethno-linguistic conceptual analysis and methods of associative experiment are used. The value of the article under study is to rid society of laziness by discovering the essence of linguistic units that idealize diligence to do work honestly and strengthen the idea of diligence.

Keywords: concept, cognitive linguistics, industriousness, laziness, proverbs-sayings, paremic units.

Г.А. Айтқұлова¹, Д.А. Ислам²

¹*PhD докторант Южно-Казахстанского университета имени М. Ауезова
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: aitkul_gum1985@mail.ru*

²*кандидат филологических наук, ассоциированный профессор
Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: dosbol.islam@ayu.edu.kz*

Лингвокогнитивный анализ концепта «трудолюбие/лень» в казахской паремиологии

Аннотация. В статье рассматривается паремиологическая картина мира на основании концептов «трудолюбие\\лень». Концепт определяя мировоззрения определенного народа, оповещает о культуре целой эпохи. Для определения концепта необходимо определить особенности картины мира и их отношение с объектами, их деятельности описания национального сознания. Основной целью исследовательской статьи является раскрытие национально-культурного и познавательного характера концептов «трудолюбие\\лень» в казахских пословицах и поговорках

В национальных традициях и обычаях, мышлении казахского народа, большое значение имеют пословицы и поговорки, которые лишь одним или двумя словами резюмируют народную психологию, в том числе языковое выражение человеческой души – особенно присущее казахскому народу, учение о разных жизненных моментах. В цель и

идею исследуемой статьи можно отнести изучение картины мира в концептах «трудолюбия\лень» на примере казахских пословиц и поговорок. Для определения семантического объема языковых единиц, относящихся к понятию «трудолюбие\лень» в казахских пословицах и поговорах, ставших основным кодом национального менталитета, использованы методы описательного, этнолингвистического, концептуального анализа и ассоциативного эксперимента. Ценность исследовательской статьи заключается в том, что, раскрывая сущность языковых единиц, избавляющих от лени, прославляющих трудолюбие в казахском обществе, призвание населения через казахские пословицы ценить труд, добросовестно работать, отстаивать идею трудолюбия, подчеркивается важность работы.

Ключевые слова: концепт, когнитивная лингвистика, трудолюбие, лень, пословицы-поговорки, паремические единицы.

Кіріспе

Мақал-мәтелдер – қай халықтың болмасын өз тіршілігіндегі кезеңдерді, қарым-қатынас пен қоғамдық құбылыстарды бейнелей сипаттайтын тура жолды хақ тірлікті айнытпай бір ауыз сөздің құдіретімен түсіндіретін сөздің мән-мазмұнға бай бөлігі.

Қазақ мақал-мәтелдерін Ө. Тұрманжанов [1], А. Байтұрсынов [2], М. Әуезовтен [3] бастап көптеген ғалымдарымыз зерттеген. Соның бірі белгілі ғалым Әбдуәли Қайдардың 2004 жылы жарыққа шыққан «Халық даналығы» деген еңбегі мақалдарды тілдік, құрылымдық және этнолингвистикалық жағынан зерттелген құнды еңбектердің бірі болып қала бермек. Қазақ халқы қашанда сөзді орынды және жүйесін тауып сөйлеуді мақұл санаған. Сөйлем сазын, сөз мағынасын, тиянақты еркін сөз тіркестерін, мақал-мәтелдерді халқымыз ой елегінен әбден сұрыптап, өмір талқысынан өткізе отырып, жақсы мен жаманды, адал мен арамды, еңбек пен жалқаулықты, жомарт пен сараңды салыстыру арқылы адамзатқа дұрыс таңдауды һәм тура жолды меңзеп отырған.

Қазақтың мақал-мәтелдерін зерттеп жариялауда, оларды жинақтауда аса құнды еңбектерімен және тіл білімі саласындағы орасан еңбектерімен көзге түскен ғалым Ө. Қайдардың мына пікіріне де құлақ аспасақ болмайды: «Халық даналығы – біздің ата-мұрамыз, асыл қазынамыз. Тұңғыық дәуірлер түкпірінен сұрыпталып, халық жадында сақталып, бізге жеткен әуезді мұрамызды халықтың өзіне шашпай-төкпей, жинақтап, тұжырымдап қайта қайтарсақ – біздің міндетіміздің орындалғаны» [4, 399-б.].

Қазіргі таңда тәуелсіздігімізді ту етіп көтергелі отыз жылдан астам уақыт өткен тұста бұрынғы ата бабаларымыздан құнды мұра болып қалған қазақ мақал-мәтелдерін сөз еткенде танымдық бейнелілігі хақында айтылатын да, салыстыратын да мәселелер табылады. Заман мен қоғам әр дәуірде басқа болғанмен, әр заманда шығарылған мақал-мәтелдердің бағынатын түп-тамыры ол халқымыздың жүріп өткен сан ғасырлардағы тіршілік бейімдері мен салт дәстүрімізге бағытталған. Қазақ ел болғалы өз мемлекетін нығайтуға бағытталған шаралардың бастауында өз халқының табиғатына сай айтылған мақалдар сол халықтың салт дәстүрі мен сенім-нанымдарын бетке ұстаған.

Ұлтымыздың әр дәуірдегі ой-толғамдары мен тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрінен, жүріп өткен тарихынан хабар беретін мақал-мәтелдерді танымдық тұрғыда зерттеу арқылы қазақ халқына тән ұлттық нақыштар мен мәдениетіміздің сан қатпарлы үлгілерінен хабар алатындықтан, зерттеу жұмысымыздың маңызы арта түседі. Халқымыздың ұққаны мен түйгені, танымы мен талғамы, өмірдегі құбылысты өзінше бағалап, философиялық оймен тұжырымдап беруі арқылы өз ұрпағына өнегелі тәрбие құралы болатындай асыл қазыналы ой орамдарымен талайды таң қалдырарлық тілдік бірліктер арқылы тура жолды сілтеп отырғанына күмән жоқ. Ұрпағының бойына жақсы мінез-құлықтарды қалыптастыруды, кемелденген қоғам құруды алға тартқан халқымыз, әсіресе еңбек тәрбиесіне аса

ұқыптылықпен қараған. Сонау Әл-Фараби бабамыздан бастап адамзатты адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеуде ең басты өмірлік қажеттілік – еңбек қатынастарын игерудің маңыздылығын басты назарда ұстаған. Дана халқымыз «малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деп, адамға қажет игіліктердің (мал, жан, ар) ара-жігін баяғыда-ақ ажыратып қойған. Дүние-байлық, малымыз тірі жүріп, жан сақтау үшін керек, ал тірі жүріп аман болудағы басты мақсат – арлы болу, адам болу. Аристотель, әл-Фараби, Абай – үшеуі де осы адам болу мен адамгершіліктің қыр-сырын танытып, оларды дәріптеумен, насихаттаумен өткен. Үшеуінің де ақиқат деп тапқаны – адам баласының ең қадірлі, ең қасиетті асыл игілігі - адам болу мен адамгершілік деген түйін. Өзге игіліктердің бәрі де осы бір қасиетті жолда жәрдемші, қызметші болуға ғана лайық. Яғни адамдардың ішіп-жеп, киім киіп, аман-саулыққа ұмтылып, кәсіп қуып, байлық тауып, бастық болып, ойнап-күліп, түрлі-түрлі игілік жасап жүргендегі түпкі мақсаты – адам болу мен адамгершілік. Ал, бұл игіліктер адамға тек қажырлы еңбектің арқасында келетіні сөзсіз. Шындығында да үлкеннің алдында балаң, кішінің алдында надан көрінбеудің жалғыз-ақ жолы – тоқмейілсуді білмейтін табанды еңбек екендігі ақиқат.

Мәселен,

«Сенбе жұртыңа, тұрса да қанша мақтап,

Әуре етеді ішіне құлық сақтап.

Өзіңе сен, өзінді алып шығар,

Ақыл менен білімің екі жақтап», - [5, 234-б.] деген данышпан Абай да өз ақылың мен тоқтаусыз еңбегіңе сен деп меңзеп тұр емес пе. Ал, Шәкәрім болса:

Адамдық борышың –

Халқыңа еңбек қыл!

Ақ жолдан айныма,

Ар сақта, оны біл!

Талаптан да,

Білім мен өнер үйрен!

Өнерсіз, білімсіз

Болады ақыл тұл! [6, 15-б.].

Яғни «Адамдық борыш» деген болмыс ар-ұятқа байланған еңбектің қажырлы игілігі арқылы толысып отыратынын атап көрсетеді. Жалқаулық концептісінің тілімізде қатар қолданылып жүрген еріншектік концептісі бар. Бұл концепті Шәкәрім өлеңдерінде былайша көрініс тапқан:

«Еріншектен – салақтық,

Салақтықтан – надандық.

Бірінен-бірі туады,

Жоғалар сүйтіп адамдық.

Еріншек таза жүре алмас,

Кірі-қоңын жуа алмас.

Харекет жоқ, ғылым жоқ,

Өз бойынан ұялмас [6, 78-б.].

«Еңбек – адамның екінші анасы» деген нақыл сөзбен қаруланған қазақ дүниетанымында «Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық; Арамнан алған түйеден, адалдан алған ешкі артық, Істегенің еліңе жақсы, үйренгенің өзіңе жақсы; Жігіттің түсін айтпа, ісін айт; Қолы қимылдағанның, аузы қимылдар; Ынта болса адамда, қиын іс жоқ ғаламда» деген сияқты мысалдардан айқын байқауға болады. Еңбек тек жұмыс, қызмет қана емес, адамды жақсылыққа тәрбиелейтін, шыдамдылыққа жол көрсететін ізгі амал ретінде қазақ ақындары мен жазушыларының шығармашылығынан кең көрініс тапқан.

Бақытты өмір сүрудің кепілі болған еңбек адамды ынталандырады, алға жетелейді, мақсатына жеткізеді. Қазақ дүниетанымында берекелі отбасы, шат-шадыман өмір сүру, денінің саулығы, ет жақындарының сүйіспеншілігіне бөлену, мақсатына жеткізетін, рухани, материалдық жетістіктің негізгі кілті болып табылатын еңбекқорлық концепті сан ғасырлық өмір тәжірибесінен өткен, ғаламдық дәрежедегі концептіге ие.

Концептіні тануда паремияларды таңдауымыздың себебі мақал-мәтелдердің әр халықтың негізгі құндылық бағдарларын беруімен, олардың ықшамдалған ұлттық-мәдени мәтіндердің бір түрі ретінде көрінуімен байланысты [7, 72-б.]. Еңбекқорлықты адамның ең бірінші дара мінезіне балаған қазақ халқы өз ұрпағын еңбекке баулудың маңыздылығын «*Бүгінгі істі ертеңге қалдырғанның ісі бітпейді*» деген аталы сөзбен адал кәсіппен жан бағуды әлімсақтан жөн санаған. «*Жалқаулық – аздырады, Еңбек – оздырады*» деген мақалмен рухтанған қазақ мәдени танымында бала өмірге келісімен-ақ, оны еңбекқорлыққа тәрбиелеу ата-ананың ең басты міндеті болып табылады.

«Еңбегімен ел сыйлы, Өнбегімен жер сыйлы. Еңбегіне қарай құрмет, Жасына қарай ізет. Еңбегің егіз болса, байлығың сегіз болады. Еңбек пен бақыт егіз» сынды мақал-мәтелдерімізде халқымыз еңбекті барлық ізгілік атаулысының баспалдығы деп білген. Сол үшін де «Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық» деп адамды әрдайым ширақ болуға, аянбай еңбектенуге шақырып, еңбектену арқылы адамның бақытқа кенелуі, шат-шадыман болуы, ырысты болу, т.б. адам үшін кемел шақтардың болуының алғышарты деп түсіндіреді. Демек, қазақ дүниетанымында еңбектену арқылы адам материалдық һәм рухани жетістіктерге жететініне бек сенген.

Қазақ паремиологиясын этнолингвистикалық бағытта алғаш зерттеген Ә. Қайдар мақал-мәтелдердің логикалық-семантикалық жіктелу қағидаларын айқындап, тақырыптық тұрғыдан топтастырып, мазмұндық жағынан жүйелеп беру арқылы паремиология пәнінің алғаш дербес ғылым ретінде қалыптасуына ықпал жасады.

Бертін келе, мақал-мәтелдерді танымдық тұрғыда зерттеуші ғалымдар қатарына Ж.И. Исаеваның «Дүниенің паремиологиялық бейнесі» деген диссертациялық еңбегін жатқыза аламыз. «Дүние бейнесін» жасауда адамның бүкіл болмысы мен шындық дүниені тануынан бастап, әлеуметтік ортасы түгел дерлік әлемнің паремиологиялық бейнесіндегі басты нысан болып табылады [8]. Мақал-мәтелдердің ұлт тілінде көп қолданыс табуын тікелей ұлттық таным мен мәдениетінің биіктігіне байланысты [9] екендігін, мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігі мен көркем мәтіндерде қолданылуы лингвомәдени тұрғыда әлі толық зерттелмеген тақырып екендігін айта келе, қазақ мақал-мәтелдері тұтас ұлттың дүниеге деген көзқарасын, қатынасын сипаттайтын ақпараттар жиынтығы [10] деп баға береді.

Зерттеу әдістері

Мақал-мәтелдердің өне бойында ұлттың тұтас жүріп өткен тарихы мен танымы, сан ғасырлық мұрасы мен мәдениеті салт-дәстүрі жатады. Мақал-мәтелдерді паремиология аясында қарастыра отырып, лингвистиканың өзекті саласы – антропологистика зерттеу арқылы еңбекқорлық\жалқаулық концептілерінің табиғатын ашуда біз синхрондық сипаттама, зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми-теориялық, философиялық, психологиялық және әдіснамалық әдебиеттерді талдау және жинақтау, когнитивтік және лингвомәдени, лингвопсихологиялық тұрғыдан талдау, баяндау, ассоциативтік қатынаста салыстыру әдістерін қолдандық.

Талдау мен нәтижелер

Жер бетінде тіршілік пайда болғалы адамзат баласы өмір сүру қажеттіліктерін өтеуде, үнемі даму үстінде әрдайым өсіп отыру мақсатында еңбектену әрекетін бірінші орынға қойып, еңбек тәрбиесіне ерекше мән беріп отырған. Еңбек әр адамның өмірінде маңызды

қызмет ретінде, өз өмірін мәнді де сәнді етіп өткізудің керемет жолы ретінде әр халықтың танымында ерекше рөл атқарады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Адамның өз қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған жұмыс, қызмет» деп сипаттама беріледі. Ал жалқаулық ұғымына аталмыш сөздікте былайша анықтама береді: Еріншектік, бойкүйездік, жайбасарлық. Жалқаулығы ұстады – жұмыс істегісі келмеді, ерінді. Жалқаулыққа салынды. Адамзат тіршілігінде еңбек қатынастарының маңыздылығы мен өмірлік қажеттіліктерін өтеудің жалғыз жолы деп қабылдаған кәсіпке, еңбек тәрбиесіне қатысты мақалдар уақыт тоғысында осы заманға тіл арқылы жетіп отырғаны мәлім. Адамдағы кемелдену мүмкіндігі мен әрекетінің түпкі сыры мен бастауы – ақыл. Ал, ақылды адам қашанда еңбек арқылы өз мақсат-мүддесін қанағаттандырып отырғанды жөн санайды. Қазақ халқының негізгі кәсібі болған мал шаруашылығына қатысты мақалдарды танымдық тұрғыда саралағанда көшпелі халықтың көптеген жылдар бойы іске, еңбекке деген сүйіспеншілігі мен адалдығын танимыз. Мәселен,

Сиырлының үйі айран, Сиырсыздың үйі сырдаң. Қазақ өмірінде сүт өнімдері басты азығы болғандықтан, молшылыққа кенеліп, көктем шығып, мал төлдеген мерзімді **«ауыз аққа тиген кез»** деген. Тіпті қазақ тиымдарында: «ақты төкпейді, аяққа баспайды» деген сөздер де бар. Бірінші жолдағы **айран** сөзі **айрандай ұйыған, берекелі** дегенді білдірсе, екінші жолдағы **сырдаң** сөзі кедей, тақыр, жағдайы келіспеген деген мағынаны аңғартады. Бұдан аңғаратынымыз, қазақ әрқашан да берекесі мен мерекесін шаруасымен, малымен байланыстырып отырған.

Ақсақ қой түстен кейін маңырайды. Дүниенің паремиологиялық бейнесін «адам және оның ортасы» деген пайыммен саралаған қазақ халқы кез келген іске мүмкіншілігі, икемі келмеген адамды әрдайым кешігіп жүретіндігін кекесін мағынада осылай атаған. Адам кемшілігін төрт түлікке телу арқылы әр істі дер кезінде бастау және тиянақты бітіру керек екендігін ескертеді.

Мал ашуы – жан ашуы. Қазақта саулық сұрасқанда: «Мал-жан аман ба?» деуі бекер емес. Қолындағы бары малына сүйенген көшпелі қоғамда мал арқылы барлық қатынастарды реттеп отырған. Жесе асы, ішсе сусыны болған, мінсе көлігі болған төрт түліктің барлық түрін қазақ қадір тұтады. Халық өміріне төрт түлік малдың сіңісіп кеткені соншама, ауыз әдебиетімізде де төрт түлікке қатысты паремиологиялық бірліктер концептілік деңгейге дейін көтерілген.

Малды баға біл, бабын таба біл. Негізгі тіршілік көзі мал болғандықтан, қазақ малға жайылым табу үшін, жазда жайлауға, қыста қыстауға, күзде күздеуге көшіп отырған. Көшкенде жүктерін түйеге артатын болған. Түйе көп болса, жүкті ана түйеге, мына түйеге артармын, бәріне тең бөліп салайын деп жүргенде жұмыс бітпей, қаншама уақытың зая болады. Қазақ мақалының «Түйе көп болса, жүк сыймас» деуінің сыры осында жатыр.

Малдың жайын баққан білер, Отынның жайын жаққан білер. Адам тіршілікті қандай іспен айналысса да әр іске өз маманы кірісуін «тауық сойса да қасапшы сойсын» деген қисынға қарай әрекеттенуді жөн деп тапқан. Сондықтан, әр істе өз ісінің нақ майталманы мен маманы кіріскенін абзал тұтқан.

Атты қамшыменен айдама, жемменен айда. Еңбектің көзін табу үшін күшке емес, әдіске салу керек деген мағынада жұмсалады. Осы ұғыммен ұштасатын «Жылы, жылы сөйлесең, жылан інінен шығар» деген де мақал бар. Демек, қазақтың танымындағы адамға күш қолданып, айтқаныңа жүргізу адалдыққа, адамшылыққа жатпайды деген дәлелге түсінікті осындай мақалдардың астарынан да байқауға болады. Күнделікті өмірдегі негізгі тіршіліктің көзі болған – мал шаруашылығына қатысты халық педагогикасында жас ұрпақты еңбекке тәрбиелеу мақсатында айтылған мақалдар аз емес. Соның бірі:

*Асық ойнаған азар,
Доп ойнаған тозар.*

*Бәрінен де қой жайып,
Құйрық жеген озар.*

Халқымыздың негізгі ұлттық ойынының бірі де бірегейі болған қойдың не арқардың асығын жинап, қынамен бояп, қорғасын құйып, сақа жасайтынын бәріміз білеміз. Екі бала ортадағы белгіленген жерге бір-бір асық қойып, оны бес аттам жерден сақамен ататын болған. Тигізген бала сол асықты алады да, жеңілген жақ асық қояды. Асықтың қызықшылығына түскен кей балалар кейде асықпен құмар ойнайтын да жағдайлар кездесіп қалатын. Қазақтың асық ойнаған азар дейтінінің сыры бұл ойынға деген құмарлығының күштілігінде. Бір ойнаған бала күні бойы үй бетін көрмей кетуге бар. Міне жоғарыда айтылған мақалдың мағынасы осы.

Қазақ халқының мал шаруашылығын жақсы меңгергендігін жоғарыда берілген мақал-мәтелдерден байқауымызға болады. Көненің көзі іспеттес мақал-мәтелдер тобы келер ұрпаққа еңбек етпегеннің ішіп-жемейтінін түсіндіре келіп, оларды еңбек сүйгіштікке, адал еңбек етуге баулиды, жалқаулық, бойкүйездік, жатып ішер арамтамақтықтан бойды аулақ салуға шақырады. Еңбек туралы терең, мағыналы ой ұлы Абай атамыздың мына өлең жолдарынан да көрініс тапқан:

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншак,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз [5, 66-б.].

Қазақ мәдени танымында өмірдің мәні еңбек, еңбек арқылы адамзат адамгершілік құндылықтарды қалыптастыра алатындай дәрежеге ие болатынын мына паремия арқылы керемет түсіндіреді: *Еңбек істеп ас ішсең, балдан тәтті болады.* Демек, еңбектенген адам ғана бақытқа жетудің алғышарты болып табылатын моральдық және ақыл-ой, интеллектуалдық тәрбиелерге шешуші мән береді.

Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді атты паремияны ер азаматтың өне бойында ар-ұжданы болғанда, ол жақсы мен жаманды айыра білетін, адал еңбекпен мал таба алтын намысшыл ұят пен арды бетке ұстаған адам бола алатындығын нұсқап тұр. Яғни қазақ намысшыл адамның әрдайым ұяттан аттай алмайтын, әділдікті ту етіп ұстаған, көп көрген мен көп жасағанды қасиет тұтатындығын керемет мақалдар арқылы халыққа жеткізіп отырған. *Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі, тұрпайы мінез, тағы, жат – надандықтың белгісі, Ынсап, ұят, терең ой – асыл зейнет біліп қой, Өз ұятын білген кісі, бір кісіге төрелік береді, Ұят кімде болса, иман сонда, Ұят – иман белгісі, ұяттыда иман бар, Ұяттан адам өлмейді, сағы сынады, т.б.* сынды паремиялар арқылы «ар-ұят» ұғымдарын еңбекке тәрбиелеуде өте ұтымды пайдаланған.

Мақал-мәтелдер өз бойына ұлттық менталитетке сай бет-бейнесін, тұрмыс-тіршілігін, ұлттық құндылықтарын жинақтаған ақпараттық бірліктер ретінде кемелденген қоғам құрудың алғышарты негізінде адал еңбекті дәріптеген керемет тіл айтылымдары екендігіне көзіміз жетіп отыр. Қазақ халқы ежелден қонақжай, көпшіл халық. Сол көпшілдігінің арқасында өмірде кездесетін талай нәубеттерден аман қалып отырған. Қазақ халқының басынан өткен түрлі жағдаяттарға байланысты шыққан мына паремияларды атап өтсек болады: *Көп еңбегі көлмен тең, Көп жабылса, жоқ табылады, Көп қолдаса, жауды жеңбей қоймайды, Көптің қолы ұзын, Көп көрген жер көңілді, Көп еңбегі өнімді, Көп ісінде береке.* Содан болса керекті *асар, үме, немеурін, жылу* атты бірігу арқылы жасалатын көптің еңбегі

халқымыздың өмірінде маңыздылыққа ие болғалы адамгершілік мінез танытатын жұмылып жасалатын ұжымдық еңбек дәстүрі қалыптасқан. *Асар* жабылып жұмыс істеуге, көмекке шақыру, *үме, момыш, Асар салды көмекке жұртты шақырды* [11, 60-б.].

«Жалпы, мақал-мәтелдер – халықтың ғасырлар бойы білдіріп келе жатқан дүниетанымдық, философиялық түйіндеу қабілетінің көрінісі, мейлінше сығымдалған, аз сөзді тыңдауға да, айтуға да икемделген әсерлі түйін сөздер деп айтуға болады, белгілі бір ойдың, пікірдің, танымның квинт-эссенциясы, яғни қазақшаласак, маңызы (еттің сорпаға қайнап-қайнап шыққан нәрі) десек болар» [12, 185-б.]. *Ерте жат та ерте тұр, бір піспекті артық ұр, Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық* атты паремияларды талдайтын болсақ, халқымыз тіршілікте адамның ісі оңынан болып, бай-қуатты тұрудың алғышарты деп ерте тұрып іс бастауды жөн санаған. *Ұйқысы қанбайтынның, Бақыты жанбайды* деген паремияда да сол ұйқыға құмар жалқаудың бұл өмірде бағы жанбай, өмірден сыбағасыз, түксіз өтетінін меңзеп тұр. Дінімізде *таңғы ұйқы ризыққа бөгет, таңғы тілек тәңірден* деген тіркестер ерте тұрып, сергек көңілмен еңбектенуді дәріптейді. *Бір піспекті артық ұр* тіркесі арқылы біз халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде қымыздың маңызы зор болғанын, сол піспек сөзі арқылы бір істі артық бітір деп ауыспалы мағынада айтылып тұр. Піспек – мес, саба, күбі сияқты ыдыстардың ішіне салып қымыз, іркіт, қаймақ пісетін сабы бар құрал. Осы тұста *Сабасына қарай піспегі, Сақалына қарай іскегі* деген мақал әрекетіне қарай, адал еңбегіне орай келетін берекені меңзеп тұр. Қалай дегенмен де бұл сөздер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін, күнделікті тұрмыс-салтын сипаттайтын тіл бірліктері екендігі мәлім. *Еңбегіне қарай, өнбегі. Жас кезімде бейнет бер, Қартайғанда дәулет бер, Еңбек ерлікке жеткізер, Ерлік елдікке жеткізер, Еңбек ет те, міндет ет* осы аталған паремиялар арқылы біз жалпы ортақ танымға байланысты қазақ халқында еңбектің зейнеті боларын, аянбай адал еңбек атқарған адамға әрдайым *бақытты тағдыр, жетістік, мол табыс* нәсіп болатындығын байқаймыз.

Жалпы алғанда, қазақ танымында еңбек пен бақыт бірі-бірінен елестете алмайтын ұғым қатарында. *Еңбек пен бақыт егіз, Еңбек – ырыстың бұлағы, Еңбек – бақыттың шырағы, Еңбек еткен мұратқа жетеді, Бас пен бақ та бітеді, Құр жатқан Тәңірінің құтынан қағылады* атты паремиялар осының дәлелі. Демек, өз ғұмырында еңбектенген адам сөзсіз бақыттың кілтін, берекенің құтын тапқан адам екені даусыз.

Ғасырлар бойы ұлтымыздың сөздік қоры мен құрамында жинақталған тілдік бірліктер - паремиялар оппозитивті түрде жасалу арқылы антонимдік жұп бойынша жасалған түрлері де баршылық. «Тілдегі антонимдер қарама-қарсы құбылыстарды біріне-бірін шендестіріп салыстыру арқылы күшті стильдік мән тудырады. Сол себептен антонимдер өте-мөте мақал-мәтелдерде жиі қолданылады» [13, 120-б.]. Дүниенің паремиологиялық бейнесін жасауда тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтқанда, құбылыстың, ұғымның, заттың кейіп-кескіндерін, қасиет-белгілерін қарама-қарсы қою – тілдік тәжірибеде адам дүниетанымындағы тану мен бағалау тәсілдерінің бірі ретінде үлкен орын алады [14, 86-б.], – деген тұжырымы да орынды айтылғандығын ескерген жөн. Антонимдік жұп арқылы тіркескен еңбек тақырыбындағы паремияларға мыналарды жатқыза аламыз: *Еріншек егіншіден елгезек масақшы озады. Еңбекқор ұйқыдан ширап тұрады. Еріншек ұйқыдан қирап тұрады, Еңбек деген байлық, Ерінбеген жететін, Жоқшылық деген жебірді, Жермен жексен ететін. Елің сені елесе, Еңбегіңнің жанғаны, Елің сені шенесе, көз қырына алғаны. Еңбектен алғанның бүйірі шығады, Кісіден алғанның екі көзі шығады. Еңбек – өмірді ұзартады, Ұят бетті қызартады. Ерінбей еңбек етсең, ерінің асқа тиеді, Ерініп ілбін кетсең, иегің тасқа тиеді. Еңбектің наны тәтті, Жалқаудың жаны тәтті. Еңбек адамды бүтіндейді, Жалқаулық адамды түтіп жейді. Ер тынысы – еңбек, ез тынысы – ермек. Есті бір өледі, еріншек мың өледі.*

Осы аталған паремиялардағы антонимдік жұпқа түскен мына сөздердің: еріншек-елгезек, еңбекқор-еріншек, байлық-жоқшылық, елесе-шенесе, бүйірі шығады-екі көзі шығады, өмірді ұзартады-бетті қызартады, асқа тиеді-тасқа тиеді, наны тәтті-жаны тәтті, бүтіндейді-түтіп жейді, еңбек-ермек, бір өледі-мың өледі сынды сөздер арқылы өмірдегі еңбек пен жалқаулыққа қатысты антонимдік қатарлар кереғар іс-әрекеттердің пайда-зиянын айқын білдіреді. Бұл сөздер жеке тұрғанда антонимдік жұп бола алмағанымен, белгілі бір контексте қарама-қарсы мағынада жұмсала алады.

«Жалқаулық» концепті *еріншектік* мәніндегі әлеуметтік әрі этномәдени менталдық ұғымды білдіретін концепті арқылы көбінесе тілімізде кең тараған.

«Сабырсыз, арсыз, еріншек,

Көрсен қызар, жалмауыз,

Сорлы қазақ сол үшін

Алты бақан ала ауыз.

Өзін-өзі күндейді,

Жақынын жалған мін дейді,

Ол – арсыздық белгісі» [5, 77-б.], - деген өлең жолдарынан біз ақын Абайдың жалқаулықты сынаған, оны күллі жақсының хас дұшпаны ретінде санағанын байқай аламыз. Жалқаулық туралы хәкім Абайдың қазіргі күнге дейін ел аузында айтылып жүрген мына паремиялары да үлкен тағылымға толып тұр:

Жаныңа жаққанның артыңнан еруге жалқауланба. Еңбек етпей тапқан мал дәулет болмас, Қардың суы секілді тез суалар.

Тұлпардан – тұғыр, сұңқардан – жапалақ, жалқаудан – масыл туған, масылдан – малбақпас, тілазардан – қылжақпас, сараңнан – бермес, соқырдан – көрмес, мылжыңнан – езбе, қыдырмадан – кезбе туған (Майқы би) деген қанатты сөздерден-ақ қазақ мәдени танымындағы жалқаулықты сипаттайтын тіл бірліктерін танып біле аламыз.

Абай тілінде де «еріншектік» концепті *мойны жар бермейтін кезір, тәуекелсіз, талапсыз адам* ретінде көрініс тапқан. Ұлттық тілімізде концепт қалыптастырушы ретінде ақын Абайдың шығармалары өзіндік мәдени фонымен және қазақи менталитетке сай бейнеде көрініс табуымен ерекшеленеді.

Ұлттық паремиологиямыздағы ойына өсиет, бойына қасиет жинаған қазақ мақал-мәтелдері жалқаулықты кедейшілдікпен, масылдықпен күнін босқа өткізген кезірлікпен сынап, мінеген. Мысалы: *Еңбегі аздың өнбегі аз, Еңбегі ештің күні кеш. Еңбексіз тапқан мал есепсіз кетер. Еңбектен қашпа, ырысыңды шашпа. Ертең ертең деумен еріншек өлер, Көрінгенге жем болып көңілшек өлер.* Аталған паремиялар халықтың ой-толғамынан, өмір тәжірибесінен туындаған еңбексіз тапқан малдың, берекесіз өмірдің салдары болатындығын айқындап тұр. Адам баласының жер бетінде қаншалықты өмір сүруі – дұрыс еңбек ете білгендігінің арқасында. Тек шынайы еңбек етудің арқасында ғана адамның жемісі өніп, қиындыққа төзе алады [15, 129-б.].

Еріншектің егіні піспес. Қазақ паремиологиясында диқаншылыққа, егіншілікке байланысты айтылатын мақалдарда көбінесе елді еңбекқорлыққа, дамуға бағыттайтын оңшыл идеялардың жиынтығы екені анық. Шәкәрімнің мына өлеңінде де қазаққа тән кәсіптер арқылы еңбек еткен адам халқының алғысына бөленіп, мәңгі ел есінде қалатындығын, Абайша айтқанда, *«егіннің ебін, сауданың тегін үйрен», «қолөнерін кәсіп қыл, мал жұтайды, өнер жұтамайды, ол болашақ ұрпағыңа өмірлік азық болады»* деген тағылым айтады:

Егін сал, не сауда қыл, малыңды бақ.

Білім білмек – әр іске шебер болмақ.

Қолөнерден пайда қыл үйреніп-ақ.

Кетпес дәулет осы ғой.

Қолөнер – өзің өлсең, бірге өледі.
Сондағы қалғандар үйренеді.
Сен кетсең де өнерің елде қалып,
Талай жайға азық пен мал береді.

Күріштің арқасында күрмек су ішеді. Сақалын сатқан кәріден, Еңбегін сатқан бала артық. Бұл жерде адамның мінез-құлқын өсімдікке теліп айтқан қазақ халқының сөз шеберлігіне таң қаласың. Бұл паремияда көбінесе біреудің абыройын бетке тұтып, соның атыменен бар қиыншылықтан өтіп жатқан адамға қаратылып айтылады. Қадірлінің қасына еріп, қарнын тойғызып жүрген кей адамдарға арналып айтылған мақал арқылы осы жөнсіз қасиетті қазақтан аулақ ұстауды мақсат тұтқан сияқты дана халқымыз.

Еңбексіз ел кезгенің – Ар ұяттан безгенің. Еңбегің болмаса елге өкпелеме, Біқтасының болмаса, желге өкпелеме. Еріншектің ертеңі бітпес, Жеңілтектің селтеңі бітпес. Еңбекке ебі жоқтың Елдікке себі жоқ. Жеке тұрғанда антонимдік жұп құрамайтын сөздердің қарама-қарсы құбылыстарды сипаттағанда ерекше реңк бере отырып, салыстырып-шендестіре отырып, астарлы салыстыру нәтижесінде еңбекқор мен жалқау адамның іс-әрекеттерін керемет талдап берген. Демек мақал-мәтелдер жанындағы антоним, синоним, омоним сөздерге орай тіркесіп, жаңа мағыналық реңкке ие болатындығын байқау қиын емес.

Есектің жүгі жеңіл болса, жатаған болады. Яғни аз жұмысқа қиналсаң, көп жұмысқа тап боласың деген астарлы мағына үстеген мақалдың қазақ тілінде қолданыс аясы кең деп айта аламыз. *Жатаған – жер бауырлап тырбылып өсетін шөптесін өсімдік* деген мағына береді екен [11, 279-б].

Жаманға жан жуымас, Жалқауға мал жуымас. Аталмыш паремияларда ақыл мен ақылсыздық лексемасы бірге алынып, бір-біріне қарама-қарсы қойылған. Ақылды не ақылсызды келешекте не күтіп тұрғаны салыстырмалы түрде құрастырылған. Демек, қазақтар еңбек, талап деген маңызды құндылықтарды бірінші орынға қойып, оны ақылдың негізгі нышаны деп санаған.

Көз қорқақ, қол батыр. Барлық береке мен ырыстың бастауында қажырлы еңбек тұратынын ұққан әр адамның ұраны боларлық бұл мақалдың өміршеңдігін күнделікті өмірде байқап та жүрміз. Бұл сынды еңбекқорлық қағидасы – адам болмысы мен өмірінің мәні мен мақсатын танытар қалыпты қағидасы, формуласы іспетті. Бұл мақалдың қолданылу аясын айтар болсақ, Қ. Қазиевтің «Менің шешем» әңгімесіндегі: «Алғашқы қарқынмен еңсеріп тастамаққа оңтайланып, жұмыс мөлшерін көзбен шолады. *«Иә, көз қорқақ, қол батыр. Біссімілла, береке...»*

Сонымен бастап та жібереді. Осыдан қара кешке дейін...» [16, 261-б.]. Берекенің бастауы болған еңбектің жемісін адал жейтін жандардың тіліндегі *көз қорқақ қол батыр* сынды мақалдар ұлттық мінезді айқындауға зор үлесін қосқан паремиялар екендігі даусыз.

Қорытынды

Қазақ халқы ежелден сөз қадірін ұққан, аз сөзге көп мағына сидыра білген, өмір тіршілігінде көптеген жағдаяттардың түйінін мақал-мәтел арқылы керемет айтылымдарды өмірге әкелген дана халық. Тіліміздегі мақал-мәтелдер халқымыздың тұрмыс-тіршілігі, дүниетанымы мен әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі жөнінде ақпарат көзі, яғни дүниенің тілдік бейнесі болып табылады. Халық өмір шындығын, көңілге түйгенін мақал-мәтел ретінде өз ұрпағына үлгі-өнеге етіп қалдырып отырған. Мақал-мәтелдер арқылы жас ұрпақты елін, жерін сүйуге, адал, кішіпейіл болуға, адал еңбек етіп, білім алуға, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болуға және өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік сияқты жаман қасиеттерден аулақ болуға, бір сөзбен айтқанда, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелей білген. Түптеп келгенде, адамның елдің алды болатын, адамгершілік сипаттағы *толық адам* болып қалыптасуында еңбектің маңыздылығын халқымыз ежелден-ақ дәріптеген.

Қазақ сөз өнерінің тілдік және поэтикалық бұлақтарының санатына жататын *еңбекқорлық\жалқаулық* тақырыбындағы паремиялар мән-мазмұнының тереңдігімен, өткірлігімен, өміршеңдігімен ерекшеленеді. *Еңбекқорлық\жалқаулық* тақырыбындағы тілдік орамдарда көлемнің ықшамдылығына қарамастан, бейнелі тілдік бірліктер нақты да күрделі ойдың себеп-салдарын, халықтың өмір тәжірибесінің қорытындысы мен дәлелін қатар білдіреді. Қазақ тілінің әлемдік бейнесіндегі *еңбекқорлық\жалқаулық* тақырыбындағы мақал-мәтелдерде халықтың тарихы, саяси өмірі, тыныс-тіршілігі, дүниетанымы, рухани және материалдық мәдениеті жан-жақты көрініс тапқан.

Терең ойды аядай қалыпқа сыйғызған *еңбекқорлық\жалқаулық* тақырыбындағы мақал-мәтелдер ұлттық сипатқа ие мәдени ентаңбалы тұрақты орамдармен еңбектену арқылы бақытқа, рақатқа, мол табысқа кенелетіндігін анық байқауға болады. Демек, қазақ дүниетанымында еңбектену арқылы адам материалдық һәм рухани жетістіктерге жететініне бек сенген. Халқымыздың ғасырдан-ғасырға жинаған тәжірибелері мен өмірге деген таным-түсініктерінен туындаған еңбек тақырыбындағы паремияларда еңбекқорлықты адамның ең басты бір айнымас досы мен серігі деп таныған болса, есесіне жалқаулықты қатты сынайды. «Адамды жөн білетін дана деп біл, жалқау жанның ісін шала деп біл» (Шал Құлекеұлы) деген аталы сөзден бастау алатын мақал-мәтелдерімізде жалқаулықты аса дертті кесел деп кесіп айтқан.

Ойымызды қорытындылап айтатын болсақ, халықтың түп-тамыры тереңде қанатын жайған салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мәдениетін тануда *еңбекқорлық\жалқаулық* тақырыбындағы паремиялар тілдің кең ауқымды жайылуына, сырға толы зерттелмеген тұстарын айқындауда аса маңызды деп білеміз. Ұлттық мінезді айқындауға зор үлесін қосқан *еңбекқорлық\жалқаулық* тақырыбындағы паремиялар адамгершілік сипаттағы қасиеттерді қалыптастыруда, еңбек тәрбиесіне баулуда халықтық педагогиканың озық үлгілері болып табылады.

Осы айтылғандардан ұққанымыз, еңбекқорлық концептісі «ықылас, дарындылық, шаттыққа кенелу, бақытқа жету, берекеге бату, байлыққа жетудің жолы» сынды мазмұнмен өрнектелген. Ал, жалқаулық концептісін «салақтық, надандық, құрдымға кету, жігерсіздік, талапсыздық, кедейліктің, арсыздықтың, бекер мал шашпақтың, өсекшілдіктің, мақтаншақтықтың» бейнелік, тіл бірліктерімен мазмұндалған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Тұрманжанов Ө. Қазақтың мақал-мәтелдері. – Алматы: Раритет, 2004. – 440 б.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 449 б.
3. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: Дәуір. Жібек жолы, 2014. – 501 б.
4. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – 520 б.
5. Абай Құнанбайұлы. Өкінішті көп өмір кеткен өтіп... Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы: Раритет, 2008. – 384 б.
6. Құдайбердіұлы Ш. Сыр сөз. – Алматы: Отбасы хрестоматиясы, 2021. – 256 б.
7. Елубай А.М., Алдабек Н.Ә. Түркі әлеміндегі «әйел» концептісін айшықтайтын мақал-мәтелдердің лингво-мәдени аспектісі // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. –№3(125). – Б. 68–78.
8. Исаева Ж.И. Дүниенің паремиологиялық бейнесі (лингвомәдениеттанымдық аспект): филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2007. – 31 б.
9. Динаева Б.Б. Қазақ мақал-мәтелдерінің прагма-когнитивті аспектісі: монография. – Астана: Қазақ гуманитарлық заң университеті. 2013. – 162 б.
10. Қанапина С.Ф. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігі (Ф. Мұстафин, С. Мұқанов шығармалары негізінде): филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2006. – 31 б.

11. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 965 б.
12. Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 228 б.
13. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы: оқулық. – Алматы: Сөздік-словарь, 2006. – 264 б.
14. Қасымова С. Сан компонентті мақал-мәтелдердің мағыналық сипаты // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2010. – №4-5(128-129). – Б. 83–87.
15. Рсалиева Ж.А. Ағылшын, орыс және қазақ тілдері паремиялогиялық бірліктерінің семантикалық сипаттамасы («Еңбек – еңбегі жоқтық» тақырыптық тобының материалдары негізінде) // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2018. – №2(170). – Б. 127–136.
16. Қазиев Қ. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Айғаным, 2014. – 266 б.

REFERENCES

1. Turmanjanov O. Qazaqtyn maqal-matelderі [Kazakh proverbs and sayings]. – Almaty: Raritet, 2004. – 440 b. [in Kazakh]
2. Baitursynov A. Til tagylymy [Language lesson]. – Almaty: Ana tili, 1992. – 449 b. [in Kazakh]
3. Auevov M. Shygarmalarynyn elu tomdyq tolyq jinagy [A complete collection of his works in Fifty volumes]. – Almaty: Daur. Jibek joly, 2014. – 501 b. [in Kazakh]
4. Qaidar A. Gylymdagy gumyr. Maqalalar, baiandamalar jinagy [Life in science. Collection of articles, reports]. – Almaty: «Sardar» baspa uii, 2014. – 520 b. [in Kazakh]
5. Abai Qunanbaiuly. Okinishi kop omir ketken otip... Olender, poemalar, qarasozder [It is a pity that many lives have passed... Poems, poems, obscenities]. – Almaty: Raritet, 2008. – 384 b. [in Kazakh]
6. Qudaiberdiuly Sh. Syr soz [Syr word]. – Almaty: Otbasy hrestomatiasy, 2021. – 256 b. [in Kazakh]
7. Elubai A.M., Aldabek N.A. Turki alemindegi «aiel» konseptisin aishyqtaityn maqal-matelderdin lingvovadeni aspektisi [Linguistic and Cultural Aspects of Proverbs Reflecting the Concept «woman» in the Turkish World] // Iasauı universitetinin habarshysy. – 2022. – №3(125). – B. 68–78. [in Kazakh]
8. Isaeva J.I. Dunienin paremiologialyq beinesi [Paremiological picture of the world]: filol. gyl. kand. ... avtoref. – Almaty, 2007. – 31 b. [in Kazakh]
9. Dinaeva B.B. Qazaq maqal-matelderinin pragma-kognitivti aspektisi: monografiia. [Pragma-cognitive aspect of Kazakh Proverbs]. – Astana: Qazaq gumanitarlyq zan universiteti, 2013. – 162 b. [in Kazakh]
10. Qanapina S.G. Qazaq tilindegi maqal-matelderdin tanymdyq beineliligi» (G. Mustafin, S. Muqanov shygarmalary negizinde): filol. gyl. kand. ... avtoref. [Cognitive imagery of Proverbs and sayings in the Kazakh language (based on the works of G. Mustafin, S. Mukanov): abstract ... kand. philol. science]. – Almaty, 2006. – 31 b. [in Kazakh]
11. Qazaq tilinin tusindirme sozdigi. Jalpy redakciyasyn basqargan T. Januzaqov [Explanatory Dictionary of the Kazakh language. The general editorial office was headed by T. Zhanuzakov]. – Almaty: Daik-Pres, 2008. – 965 b. [in Kazakh]
12. Syzdyqova R. Tildik norma jane onyn qalyptanuy (kodifikasiyası) [Language norm and its normalization (codification)]. – Almaty: «El-shejire», 2014. – 228 b. [in Kazakh]
13. Qaliev G., Bolganbaev A. Qazirgi qazaq tilinin leksikologiasy men frazeologiasy [Lexicology and phraseology of modern Kazakh language]. – Almaty: Sozdik-slovar, 2006. – 264 b. [in Kazakh]
14. Qasymova S. San komponentti maqal-matelderdin magynalyq sipaty [Semantic nature of Proverbs and sayings of the San component] // QazUU habarshysy. Filologia seriasy. – 2010. – №4-5(128-129). – B. 83-87. [in Kazakh]
15. Rsalieva J.A. Agylshyn, rus jane qazaq tilderi paremiologialyq birlikterinin semantialyq sipattamasy («Enbek – enbegi joqtyq» taqyryptyq tobynyn materialdary negizinde) [Semantic characteristics of paremiological units in English, Russian and Kazakh languages (on the material of the thematic group «Labour – idleness»)] // QazUU habarshysy. Filologia seriasy. – 2018. – №2(170). – B. 127-136. [in Kazakh]
16. Qaziev Q. Tandamaly shygarmalary [Selected works]. – Almaty: Aiganym, 2014. – 266 b. [in Kazakh]